| **Серуен** | **Қимылдық ойын:** «Тымпи-тымпи». **Мақсаты:** Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру. Ойын барысы:Тымпи-тымпи ойынын бастаушы дөңгеленіп отырған ортасына шығып: «Тым-тырыс, тымпи-тымпи»,-дейді.Осы сәтте қалған адамдар үндемеуге тиіс.Ортаға шыққан адам әр түрлі әзіл, сықақ, қызықты әңгімелер айтып отырғандарды күлдіруге тырысады.Белгілі уақытқа дейін өзінің осындай «өнерімен» ешкімді күлдірте алмаса, | **Қимылдық ойын:** «Монданақ». **Ойын барысы:** Монданақ ойыны бойынша белдік-белбеу әйтпесе орамалды шиыршықтап алып дөңгелене отырады.Ортаға біреу шығады.Отырғандар тізерлеп: «Әне кетті монданақ,міне кетті монданақ»,-деп әндетіп, ортадағы бала сырт айнала бергенде, оны соғып қалып, орамалын қайтадан жасыра қояды.Оны жасыра аллмаған ойыншы ортаға | **Қимылдық ойын:** «Көрші». **Мақсаты:** Балалардың ептілікке , сезімталдық,кеңістікті бағдарлай білуге үйрете отырып, батылдық сияқты қабілеттерін одан әрі дамыту.Шапшаң қимылдап, жылдам жүгіруге үйрету. **Ойын барысы:** Балалар екі-екіден қол ұстасып , бірінің артына бірі тұрады.Олардың алдынан 3- 8 метр жерден сызық жүргізіледі.Ол сызықтың бойында торуылшы бір бала тұрады.Тәрбиешінің белгісімен ең артында | **Қимылдық ойын:** «Итеріспек» **Ойын барысы:** Ойын көгалда өткізіледі, үлкен шеңбер сызылады, ортаға екі ойыншы шығады.Егер бір аяқпен секіріп жүріп , екі баланың біреуі екінші аяғын жерге тигізбестен қарсыласын шеңберден итеріп шығарса жеңгені. Аяғын жерге тигізіп алса, жеңілгені.Ойын жалғаса береді. | **Қимылдық ойын:** «Үрпек төбет» **Мақсаты:** Тез жүгіре білуге үйрету, жылдамдыққа , батылдыққа тәрбиелеу. Ойын барысы: Балалардың біреуі төбетті бейнелейді; ол ортада отырады.Қалған балалар оған жай ғана жақындай түседі, ал тәрбиеші осы кезде былай дейді: Алдыңғы екі аяққа басын сұғып, Момақан, сырт пішіні жуас салғырт Әнекей жалбыр төбет жатыр сұлық, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жеке адамның жанына барып , соны күлдіртуге күш салады.Әзіл-сықақтары әлсіз, әсерсіз болса, аузы-мұрнын қисайтып, түрлі қолайсыз қимылдар жасап күлдіруге әрекет етеді. Осы сәтте әлгі ойыншы үн шығармауға, ортадағы адамның сұрағына жауап бермеуге тырысады.Ал, сөйлеп , күліп қойса айыпкер саналады. Айыбы үшін өлең айтып би билейді.Айбын өтегеннен кейін ол ортаға шығып, ойынды басқарып кетеді. | шығады. | тұрған бала, балалар тобының екі жағымен жүгірген бойы сызықтан өтіп қайтадан қол ұстасуы керек. Егер ұстап алса , қолынан жетектеп әкеліп , топтың алдына келіп тұрады.Ал қалған біреуі торуылшы болып, сызықтың үстінде қалады. Балалар жүгіріп келе жатқанда торуылшы оларға арқасын беріп , теріс қарап тұрады.Ортасында тұрған қасқыр қуып береді.Қолға түскен балалар ойыннан шығып қалып, келесі ойынға кіреді.Қасқырларды ұсталып қалған балалардың арасынан сайлайды. | | Ояталық жақындап барайық та, Белгісіз жатқаны ұйықтап, яки қалғып, Қайтер екен содан соң-қарайық та. Төбет орынан ұшып тұрып үре бастайды.Балалар қаша жөнеледі. Төбет оларды қуа жөнеледі.Балалардың бәрі жан-жаққа қашып тығылады.Төбет қайтадан ортаға отырады .Ойын жаңа бастаушымен қайта басталады. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Қазақ тіліндегі сөздерді зерделеу бойынша ұсыныстар беру | Режим бойынша өмір сүру» ауызша журнал | «Баланы тәрбиелеудегі отбасының рөлі» ата-ана бұрышындағы кеңес | Ас атасы – нан» балалар-ата-аналар жобасы. Міндеті : нан туралы білімді жүйелеуде білім беру қатынастарына қатысушы ретінде ата-ананың қызметін жандандыру. Жоба балалардың назарын дастарханымызда қандай жағдайда пайда | Сәтті демалыс тілеу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | болатынына аударуға, нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеуге арналған. 3-4 жастағы мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу және дамыту тақырыбы бойынша ата-аналардың өтініштері бойынша жеке консультациялар | |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** «Балдаурен» шағын орталығы

**Топ:** аралас (ортаңғы және ересек ) топ

**Балалардың жасы:** 3 - 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) :** 16.09 - 20.09.2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 16.09.2024ж** | **Сейсенбі 17.09.2024ж** | **Сәрсенбі 18.09.2024ж** | **Бейсенбі 19.09.2024ж** | **Жұма 20.09.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: отбасылық дәстүр туралы жеке әңгіме, балалармен қарым-қатынас жасау және жақсы көңіл-күй қалыптастыру ойындары. Достық атмосферасын құру. «Жақсы көңіл-күй» ойынмен қабылдау **Коммуникативтік дағды** | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Коммуникативтік дағды** | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу **Коммуникативтік дағды** | Көңілді күн әнімен қарсы алу **Шығармашылық дағды** | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу **Коммуникативтік дағды** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың денсаулығы туралы ата-аналармен әңгімелесу. «Баланың шкафында не болуы керек?» кеңес беру | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Жеке атауын ата» Мақсаты: көкіністердің аттарын жеке – жеке атап,түстерін, пішіндерін ажырата алады.**Қоршаған ортамен таныстыру** | «Құстарға көмектесеміз» Мақсаты: Балалар құстар туралы түсініп, өз ойын айта алады.**Экологиялық тәрбие** | «Қайсысы қайда тіршілік етеді?» Мақсаты: суреттерден көрген заттарының аттарын атап, олардың қайда өмір сүретінін айтады. **Қоршаған ортамен таныстыру** | **«Ұшқыр ой алаңы» жобасы** «Тілім менің тірегім» **Бір тұтас тәрбие** | «Дыбысынан таны» Мақсаты Есту қабілеттерін дамытады. Тілдік қарым -қатынас мәдениетін дұрыс қолданады.**Шығармашылық дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Көкөністер мен жемістердің суретін салу Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру. **Сурет салу** | Құрылыс материалдарынан әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру **Құрастыру** | Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Мүсіндеу** | Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету Бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау **Жапсыру** | Балабақшада, үйде, көшеде тәртіп сақтауға баулу. Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру (амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету) **Қоршаған ортамен таныстыру** |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге | **Музыка** Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың | **Дене шынықтыру** Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты | **Қазақ тілі** ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету | **Дене шынықтыру** Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | орындауға үйрету. | сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. | өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; | | |
| | **4 жас ересек топ** | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. | **Музыка**<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөренеңің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу.<br>Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру | **Қазақ тілі**<br>Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз)<br>Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем | **Дене шынықтыру**<br>Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру.<br>«Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)<br>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету.<br>Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу.<br>(Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)<br>Отбасының барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау.<br>Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету. (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)<br>**Музыка**<br>алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату | |
| | **3 жас орта топ** | | | | |
| |  күз мезгілі туралы не білетінін анықтау. Олар туралы не білгісі келетінін сұрау.<br>Дидактикалық ойын «Кім екенін тап» ертегі желісі бойынша ойыншықты тауып, атауын үйрету.<br>**сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет** | «Ғажайып қапшық» дидактикалық ойыны.<br>Шарты: қапшықтан заттар бейнеленген суреттерді бір-бірден алып шығады.<br>Мысалы: – Аспазға азық-түлік, қазан, таба, тамақ пісіретін плита керек. – Дәрігерге дәрумендер, температура өлшегіш (градусник), дәке керек.<br>**сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру** |  «Бала бала балапан» әнін айтқызу.<br>би қимылдарын жасату.<br>Балапан туралы не білетінін сұрау. **сөйлеуді дамыту**<br><br>«Құс қанат» оюын таныстыру, қалаулары бойынша түстерді таңдап бояту.<br>**сурет салу**<br>**ұлттық құндылық**<br><br>Құрастыру материалдарынан карточкаларға қарап балапан құрастыруға көмектесу **құрастыру** |  «Қай ертегіден» дидкатикалық ойыны арқылы суреттерді көрсетіп, қай ертегі кейіпкері екенін тауып, әңгімелеуді қалыптастыру. Ертегілерде күз бейнесі қалай бейнелегенін суреттерден көрсету.<br>**көркем әдебиет**<br><br>Суреттегі ертегі кейіпкерлерін салысытыру, санату<br>**математика негіздері**<br><br>Балалардың таңдауы бойынша ертегі желісі негізінде шығармашылық | Терезеден көліктерді көрсету, дауыстарын салу. Кімнің үйінде көлік бар..<br>Дөңгелектерін қалай ауыстырады. Диалог құруды үйрету.<br>**көркем әдебиет**<br><br>Әр түрлі көлемде ермексаздан дөңгелектер жасату. Оларды салыстыру, санату, **(математика негіздері және мүсіндеу)**<br><br>Көліктерге арнап гараж құрастырғызу<br>**(құрастыру)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | жұмыстарды жасату. **сурет салу, мүсіндеу жапсыру** | |
| **4 жас ересек топ** | Серуенді бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылаумен бастау. Ағаштардың биік аласа қасиеттерін атап, түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап, түсін түрін атап,санап ,топқа алып келу. **қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері** Балалармен бірге жапырақты бояп таңбалап қағаз бетіне басу әдісімен **сурет салу** Жапырақтар мен шағын бұтақтардан икебано жасап безендіру заттарын жасап, топты безендіру. **жапсыру** Кітаптардан күзгі табиғат туралы суреттер қарап, ертегі тыңдау. **сөйлеуді дамыту** | «Нан қайдан келеді?» Күнделікті қандай тағамдарды қолданамыз. Олардың пайдасы қандай? Соның бірі нан қалай қайдан келді? Балалардың пікірін тыңдау. Ал нанның дастарханға қалай келетінін білу үшін Ендеше кітаптардан жауабын іздейік. **сөйлеуді дамыту** Балалардың таңдауына мүмкіндік беріп нанның суретін салуға болады. **сурет салу** Нанды қамырдан жасауға болады деп іс әрекеттермен айналысуын қарастыру. **мүсіндеу** | Балалардан күз туралы қандай ертегі немесе тақпақ білетінін сұрау. **сөйлеуді дамыту** Ендеше тақпақ жаттайық және өзіміздің күз туралы ертегі кітабымызды жасайық**. жапсыру** Балалардың таңдауы бойынша екі орталыққа бөлу. Балалар жұмыстарын аяқтаған соң сергіту сәті. Балалардың жасаған кітапшаларын тамашалап, тақпақтарын тыңдау. Сосын барлығына күз туралы ән жаттатып, би билеуін ұйымдастыру. **музыка** | Бақша ауласына серуен жасау, құстарды бақылау, бақша ауласында өмір сүретін жануарларды бақылау. Өздері не білетін айтқызу. Құстарға жем, су беру. **қоршаған ортамен таныстыру** Құстардың суретін салу. **сурет салу** Құрастыру материалдарынан үйшік жасау. **құрастыру** | Балалардан еңбек пен демалыс жайында сұрау. Күзде қалай демаламыз, жазда қалай демаламыз айырмашылықтарын білуін сұрау. **сөйлеуді дамыту** Ауылшаруашылық мамандықтарымен таныстыру. Олардың пайдаланатын құралдарын таныстыру. **қоршаған ортамен таныстыру** Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, мамандардың құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету **мүсіндеу** және бидайдай тұқымдарын егуді жасап көруді ұсыну. Сергіту сәтін жасау арқылы орталықтардағы орындарын ауыстырып жұмысты жалғастыру. |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Күнді бақылау** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылыстарымен | **Шықты бақылау** **Мақсаты:** Балаларды табиғат құбылысы шықпен | **Күзгі аспанды, бұлтты бақылау** **Мақсаты:** Өлі табиғат | **Аула тазалаушыны бақылау** **Мақсаты**: Балаларға аула | **Күзгі желді бақылау** **Мақсаты:** балаларды табиғат |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | таныстыру: күнің қысқаруы, түннің ұзаруы түсінік беру.<br>Бақылау: Серуен алдында балалардың көңіл – күй көтере отырып, бүгін күн ашық, бірақ күн ыстық емес, жаздағыдай қатты қыздырмайды.<br>Тәрбиеші күннің ауысып, орналасқан жерін байқатады; (күндіз және кешкілікте) күннің шығуын, батуын бақылау; күн сәулесінің терезеге түсуі бойынша күннің орналасуын белгілеу.<br>**Жұмбақ:** Ақ сандығым ашылды<br>Ішінен жібек шашылды (күннің көзі)<br>Аспандағы алып доп<br>Жарқырайды жарық боп (күн)<br>**Көркем сөз:**<br>Күз де келді, күз келді<br>Күдерін жаз үзгенді<br>Күз де келді, күз келді<br>Көкте бұлттар жүзді енді.<br>Күз де келді, күз келді<br>Құстар мекен іздеді.<br>Қ. Мырзалиев<br>**Қимылды ойын:** «Қоңыздар»<br>**Еңбек**: құмсалғышты жапырақтардан тазарту. | таныстыру.<br>**Бақылау**: Неге шөп дымқыл? Бұл дымқылдық қайдан келді деп ойлайсыңдар? Бұл қандай құбылыс? (Шық) Ол қалай пайда болды? ( күн ұясына батқаннан кейін жер, шөп, жапырақтар суып шық пайда болады.<br>Шық - бұл түнгі өсімдіктердің беті және топырақтарда жиналған дымның тамшысы; Шық қандай ауа -райында пайда болады? Ашық күні ме ,әлде бұлтты күні бола ма?(шық ашық күні пайда болады, бұлтты күні болмайды.)<br>**Жұмбақ:**<br>Мөлдіреген жүзімді,<br>Ұстап едім, езілді. (Шық)<br>Таңертең бар, кешке жоқ<br>Кеш түгелі түсте жоқ<br>Мен әдемі моншақпын<br>Ірі емеспін, ұсақпын,<br>Мойнына ешкім таға алмас (Шық)<br>**Қозғалмалы ойын: «Мысық пен торғайлар»**<br>**Алаңдағы еңбек:** қураған өсімдіктерді жинау. | аспан туралы түсінік беру; аспанның әсемдігін бақылауды қалыптастыру; шығармашылық қабілеттерін дамыту, аспанның ашықтығы туралы білімдерін жетілдіру.Бұлт туралы түсінік беру.<br>Аспанның түсі күзде қалай өзгереді? (аспан кеңейген сияқты, жақсы көрінеді, жоғарғы жағы қою күлгін, ал шеттері ақшыл).<br>Түнде және күндіз аспанда не пайда болады? (Аспан ашық: күндіз – Күн, кешке – ай және жұлдыздар)<br>**Болжам:** аспанда бірнеше күн ақ бұлттар пайда болса- күннің суытқаны.<br>**Жұмбақтар:**<br>Аспаннан домалап, көп моншақ төгілді,<br>Бусанды бар алып, терледі, керілді. Бұл не? (Жаңбыр)<br>Күндер қысқарады, түндер ұзарады<br>Кім біледі, кім айтады бұл қай кезде болады? (Күз)<br>**Жұмбақ:** | тазалаушы еңбегі жөнінде мағлұмат беру. Үлкендер еңбегін бағалай білуге. Қоршаған ортаны таза ұстау мақсатында азда болса өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.<br>**Көркем сөз:**<br>Қамымызды ойлайды<br>Тазалайды жинайды<br>Құрметтейміз бәріміз<br>Тазалықшы ағайды<br>Қарандаршы , жолдарда қаншама жапырақтар жатыр. Ол жапырақты кім тазалайды?<br>*Аула тазалаушы қандай еңбек етеді.<br>*Ол кісінің қолында қандай құралдары бар?<br>*Біз өз ауламызды, тұратын жерімізді ластауымыз керек пе?<br>*Үлкендер еңбегін қалай бағалауымыз керек?<br>**Мақсаты:** қоқыстарды белгіленген орынға жинауға, үлкендерге көмек көрсете білуге тәрбиелеу; аула тазалаушының құралымен танып, білу.<br>**Қимыл – қозғалыс ойын:** «Жапалақ»<br>**Мақсаты:** Баланы біраз уақытқа дейін қозғалмай тұруға және мұқият тыңдай білуді үйретеді.<br>**Еңбек алаңында жұмыс** | құбылыстары,желдің соғуын,желдің бағытын,жылдамдығын бақылауға ажырата білуге үйрету.<br>Тәрбиеші балалармен қай жақтан жел соғып тұрғаның бақылайды.<br>Күндіз аспанда қалықтап бара жатқан бұлттарды бақылау.<br>Жапырақтардын желден сыбдырлағаның тыңдау. Қағаздан жасаған таспа(лента), неге сыбдырлайды? (соққан желден қозғалып сылдырлайды) . Жерге түскен жапрырақтарды, жоғары қарай лақтырып бақылау.<br>Балалармен желді күні бұлттардың қозғалысын бақылауға болады .Желдің қатты соғуын анықтау үшін олармен ойын ойнатамыз айналма (вертушка ), желбіреуішпен.<br>**Көркем сөз:**<br>- Бұлт-ау көктен төнесің,<br>Қайдан көшіп келесің,<br>- Мухит үрлесе, желемін!<br>Жел үрлесе желемін! |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Көлігі жоқ, көшеді,<br>Өзін кезбе деседі.<br>(бұлт)<br>**Қозғалмалы ойын:**<br>«Орамал тастау».<br>**Алаңдағы еңбек**:<br>Құмсалғышты қоқыстан тазарту. (жапырақ, қағаздарды жинау) | **істеу:** қоқыстарды белгіленге орынға жинау. | **Қимыл – қозғалыс ойын** «Ұшақтар».<br>**Мақсаты** : әр –түрлі бағытта жүгіріп жүруге үйрету, бір – бірін қағып соқпай жүруге үйрету. Белгі бойынша жүріп тоқтауға жатықтыру.<br>**Алаңдағы еңбек** . Екі топқан бөлініп ұшқан жапырақтарды шелек жинау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)**<br>**3жас орта топ** |  Таңертең қандай іс әрекет жасағандарын күн тәртібі кестесі бойынша көрсету. Жыл мезгілдерін санау, табиғат бұрышынан өзгерістерді анықтату.<br>**математика негіздері**<br>сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.<br>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету;<br>Желімдеу техникасының бастапқы дағдыларын игеру.<br>**мүсіндеу, жапсыру**<br>Табиғи материалдардан үй құстарына үйшік құрастырту.<br>**құрастыру** | Үстел үсті театр ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру дағдыларын дамыту<br>**Математика негіздері,көркем әдебиет**<br>Құрастырмалы ойынышықтардан төрт түлікке қора құрастырту<br>**Құрастыру**<br>Фланелеграфта төрт түлікті төлдерімен сол жақтан оң жаққа қарай жапсыруды пысықтау<br>**Жапсыру** | <br>Торғай ойыншықтарын сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру мен салыстырту (үлкен, кіші)<br>**Математика негіздері**<br><br>«Әнші балапан» әнін тыңдату, сюжеттік мүсіндеуді орындату.**Мүсіндеу,музыка** | <br><br>«Шалқан» және «Жеті лақ» ертегілерін айтып беру дағдыларын пысықтау. Кітаптарға қарап айту. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білуін пысықтау.<br>**сөйлеуді дамыту** | Кітаптардан ертегілерді қарау. Суреттер арқылы ертегі айтып беру дағдысын қалыптастыру.<br>**сөйлеуді дамыту**<br>Балалардың таңдауы бойынша көлік түрлерінің суретін салып, дайын дөңгелектерді көліктерге жапсыру жұмыстарын орындату<br>**сурет салу, мүсіндеу, жапсыру** |

| 4 жас ересек топ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Жапырақтардан, гүлдерден дестелер жасап, аналарына сыйлауға дайындау. Кітаптар қарау, балалардың еркін іс әрекеті **мүсіндеу, сөйлеуді дамыту** | Балаларға ұннан тұзды қамыр жасауды үйрету. Әр балаға әр түрлі түсті бояу қосып, қамырдың түсін өзгертіп қамыр жасату. Жасалған қамырдан нан, бауырсақ, торт т.б балалардың қалауы бойынша мүсіндер жасату. **мүсіндеу** | Күз бейнесін салу, ағаштарды жасау, күзгі жапырақтардан жапсыру арқылы композиция жасау. **жапсыру** | Жануарлардың күзгі тіршілігіне қандай жағдайлар жасау керектігі туралы әңгімелесу. **қоршаған ортамен танысу** Құмнан қоралар жасау. **құрастыру** Ойындар ойнату. | Ағаштар мен гүлдерге геометриалық пәшәндерді қолданумен жол табу Роботтар арқылы кеңістікті бағдарлау. **математика негіздері** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | «Қимылды есте сақта» Міндеті: көрсетілген қимылды түсіну, есте сақтау және көбейту қабілетін дамыту; қол-көз жадын, зейінді дамыту Физикалық дағдылар | «Ертегі кейіпкерін біл» Міндеті : кейіпкерді аталған белгі бойынша анықтау Қарым-қатынас дағдылары | «Кім қайда ұйықтайды» Міндеті : ақыл-ой қабілетін, негізгі геометриялық фигура туралы түсінігін дамыту; түс атауын бекіту; үлгі бойынша таңдау Танымдық және зияткерлік дағдылар әрекетін қалыптастыру | «Саусақтармен сурет салу» Міндеті: ұсақ моториканы дамыту; түстерді зерттеуге көмектесу Шығармашылық дағдылар, зерттеу қызметі | «Зат және әрекет» Міндеті: балалардың заттың қасиеті туралы білімін бекіту; олардың сөздік қорын байытуға және кеңейтуге ықпал ету Әлеуметтік-эмоционалды дағдылар |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | **«Қояндар мен қасқыр»** ойыны **Мақсаты:** Балаларды кеңістікте берілген белгі бойынша қимылдауға үйрету. Міндеті:Балаларды мәтін сөзіне байланысты қимылдауын қалыптастыру. Ойынға | **«Отбасы мүшелерін ата»** Мақсаты: Балалар отбасы мүшелерін орын-орнына орналастыру. Есте сақтау, зейін қою қабілеттерін жетілдіру. Ойнаушылар саны: 8 бала Құрал-жабдықтары: Отбасы мүшелерінің суреттері; апа, ата, әке, шеше, ағай, апай және бала. | **«Әуе таяқ»** Балалар екі топқа бөлінеді.Әр топта 5-тен 10 –ға дейін ойыншы. Болады.Екі топқа екі таяқша (жұмсақ)беріледі,жерге түзу сызық сызылады.Ойыншының біреуі ортаға шығады да бір алақанына зат жасырып,екінші қолының жұдырығын бірдей жұмады. | **«Сипап сезу арқылы санау»** Мақсаты: Сипай сезіп санау арқылы қарамай-ақ екі топтағы заттарды салыстыруға үйрету (артық, кем, тең); санау дағдыларын бекіту; салыстыруда беттестіру тәсілін қолдана білу. Мазмұны. Тәрбиеші үстелінің үстінде | Тышқан мен мысық. Ойын мақсаты: балаларды шапшаң әрі шыдамды,ұйымшылдыкққа үйрету. Ойын шарты: Бұл ойынға топ балары бәрі тегіс қатыса алады.Балаларды (қақпа қалың) дөңгелене тұрғызып,ортаға тәрбиеші көмегімен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қатысушылардың біреуін қасқыр етіп таңдап алады, қалған балалар қоянның рөлін бейнелейді.<br>Алаңның бір жағында қояндар өздеріне үйшік жасап жатады (дөңгелектер сызады).<br>Ойын басында қояндар өздерінің үйлерінде тұрады, қасқыр-алаңның екінші шетінде. Тәрбиеші былай дейді:<br>Шоқақ- шоқақ жүгіріп,<br>Шөпті жалмап жеседі,<br>Қояндар кетіп барады.<br>-Қасқыр жоқ па?-деседі.<br>Тұрған көгі құлпырып.<br>Тың-тыңдайды абайлап.<br>Көгалды іздеп табады.<br>Қояндар үйлерінен жүгіріп –жүгіріп шығады да, алаңда ойнай бастайды.<br>Олар бірлесе екі аяқтап секіреді, біресе тізерлеп шөп жұлады. Қасқыр келіп қалған жоқ па екен деп жан –жағына қарайды. Тәрбиеші соңғы сөзін айтқан кезде қасқыр сайдан шығады да қояндарды | Ойынның барысы:<br>Тәрбиеші үстел үстіне отбасы мүшелерінің суретін қояды. Балалар бір бірден шығып сурет арасыннан өз отбасында кім бар екенің тауып, атап, көрсетіп береді. | Екінші ойыншы зат жасырылған қолды тапса,ойынды бастаушы сол болады.Сөйтіп қолындағы таяғын жоғары лақтырады.Осы кезде қасындағы таяғын лақтырады да,қасындағы баланың таяғын қағып түсіруі шарт.Таяқты қағып түсірген бала өз тобына ұпай әкеледі. | орамалмен жабылған заттардың екі тобы (4 кірпіш, 5 жүк машинасы) қойылады. Шақырылған бала бір топтағы заттардың санын орамалды ашпай қолмен ұстап санау арқылы анықтап, қорытынды санды айтады және осылайша екінші топтағы заттар да саналады. Қарамай-ақ, қай топтағы заттардың артық не кем екенін салыстырады. Содан кейін жабулы орамал алынады да, барлық балалармен жауаптың дұрыстығы тексеріледі. Ары қарай топтарды салыстыру арқылы неше артық, неше кем екенін анықтау, теңестіру жұмыстарын жүргізуге болады. | тышқанмен мысық сайланады.Мысық тышқанды қуып ұстап алуы керек.Дөңгелене тұрған балалар тышқанды яғни мысықтан құтқару үшін,қақпадан тышқанды шығарып діберіп мысықты шығармауға тырысады.Мысық тышқанды ұстау үшін шапшаңдық керек.Мысық тышқанды ұстап алса,ойынға келесі жаңа балалар қатыса отырып алмаса береді.<br>Қажет құралдар: мысық мен тышқан бетперделері.<br>(дене шынықтыру) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұстауға ұмтылып, қуа жөнеледі. Қояндар өз үйлеріне қарай қашады. Ұстаған қояндарын қасқыр алып кетеді. Қасқыр кетісімен тәрбиеші өлеңнің мәтінің қайталайды, ойын басынан басталады. 2-3 қоянды ұстағаннан кейін басқа қасқыр белгіленеді. Балалар үйшікті бір-біріне жақын жасамауын қадағалау керек. | | | | |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-анаға кеңес: Үйде баласымен карандашпен жұмыс жасауларына кеңес беру. | Ата-аналарға балаларға оқылатын қызықты ертегілер туралы ақыл-кеңестер беру. | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі жолда жүрі ережелері. | Демалыстарды жақсы өткізу ниетін білдіру |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы):** «Балдаурен» шағын орталығы

**Топ:** аралас (ортаңғы және ересек ) топ

**Балалардың жасы:** 3 - 4 жас

**Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету) :** 23.09 - 27.09.2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 23.09.2024ж** | **Сейсенбі 24.09.2024ж** | **Сәрсенбі 25.09.2024ж** | **Бейсенбі 26.09.2024ж** | **Жұма 27.09.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балалық шақ күйінің сүйемелдеуімен түрлі түсті асықтармен қарсы алу. **Ұлттық құндылық** | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу Сұрақ-жауап доп арқылы **Коммуникативтік дағды** | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу **Коммуникативтік дағды** | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді **Коммуникативтік дағды** | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) **Коммуникативтік дағды** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** |   Мнемотехника әдісі. Ойыншықтарды сипаттау. Әр топ балалары өздерінің қолындағы ойыншықтарды сипаттап айтып береді.**Коммуникативтік дағды** | «Әжең туралы әңгімелеп бере»баланың сөздік қорын туысқандарының атауларын білдіретін сөздермен байыту. **Коммуникативтік дағды** | «Көңілді кубиктер »Кубиктерді пайдаланып, түрлі құрастырулар жасайды.«р», «қ»дыбыстарын дкрыс айтуға үйрету. **Коммуникативтік дағды** | Тақпақ жаттау. «Ойыншықтар».Ойыншық тарым көп менің, Бәрін жақсы көремін. Кешке дейін жалықпай, Бірге ойнап жүремін **Көркем әдебиет.** | «Қасқыр мен түлкі»тапқырлыққа үйренеді, ,ертегінің соңын өз қиялдары бойынша аяқтауды біледі.арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту. Балалармен жеке жұмыс. Түстеріне қарай заттарды топтауға үйрету. |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені** ( **(Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | «Адам еңбегі» презентациясын карауМіндеті: балаларды Адам еңбегімен таныстыру; балаларға еңбек өте маңызды екенін, бір-бірімізге көмектесуіміз керек екенін көрсету **қоршаған ортамен таныстыру** | «Кімге онсыз оларсыз болмайды?»Міндеті: балалардың әртүрлі кәсіптердегі адамдарға қажетті материалдар, құралдар мен жабдықтар туралы білімдерін бекіту; кәсіптердің атауын қазақ тілінде оқыту **қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі** | «Күзгі орманда» Міндеті: қарама-карсы сипаттағы аспаптық пьесаларды тыңдауға үйрету. Ән айту: аспаптың сүйемелдеуімен ересек адаммен бірге ән айту дағдыларын қалыптастыру. **Музыка** | Психогимнастика «Бағбан» жаттығуы Міндеті: қиялды, қимылдардың мәнерлілігін дамыту физикалық дағды | «Жұмысты таңдау» дидактикалық ойыныМіндеті: балаларға еңбегі бақылау саласында болмаған адамдардың кәсіптері туралы қарапайым түсініктер беру; кез келген кәсіптегі адамдардың еңбегіне қызығушылық тудыру; кәсіптердің атауын қазақ тілінде бекіту **сөйлеуді дамыту, қазақ тілі** |
| **3 жас орта топ** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесібойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру** Жалпы дамытушы жаттығулар. Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. | **Музыка** Музыка тыңдау. түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау; Ән айту. Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптың сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру. | **Дене шынықтыру** Жүру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, шеңбер бойлап, қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтай қалып, жүрелеп, бұрылып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, төбешікке шығып және төбешіктен түсіп саппен жүру; | **Қазақ тілі** ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету | **Дене шынықтыру** Шынықтыру шараларын жүргізу. Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. Жануарлардың қимылдарына еліктеп, дене жаттығуларын орындау; |

| | 4 жас ересек топ | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Дене шынықтыру**<br>Жүру. Өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып, бағытты және қарқынды өзгертіп жүру, қол мен аяқ қимылдарын үйлестіру. | **Музыка**<br>Балалардың музыкаға деген қызығушылығын тудыру, оны тыңдауға ынталандыру, музыкалық шығармаларды эмоционалды қабылдауды дамыту. | **Дене шынықтыру**<br>Сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 см) жүру, сызықтардың, арқанның, тақтайдың, гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру. Қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу. Қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 см, биіктігі 30-35 см) жүру | **Қазақ тілі**<br>Байланыстыра сөйлеу тілін дамыту: сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздік қорын байыту. Ойын арқылы қарым-қатынас дағдыларын дамыту. Есту, көру, сөйлеу қабілеттерін арттыру. Қазақ тілінде таза, дұрыс сөйлеп үйрету. 4-5 сөзден тұратын сөйлем айту; сөйлем сөздерін бір-бірімен үйлестіру; құрдастарымен және ересектермен диалог жүргізу; тақырыпты сипаттай білу; антонимдерді түсіну (ақ-қара, үлкен-кішкентай). (Балабақша, үй, есік, терезе, дүкен, емхана, сабын, су, кір, таза, билейік, ән айтамыз) Бөбекжайда жұмыс істейтін мамандықтармен таныстыру; сөйлем құрастыру мүмкіндігін дамыту; «Мынау кім?» «Мынау не?» «Не істейді?» «Қандай?» деген сұрақтардың мағынасын түсіндіру. «Ә», «Ү», «Ы» , «Ұ» дыбыстарының айтылуын үйрету. (Тәрбиеші, | **Дене шынықтыру**<br>Қолдарды әртүрлі қалыпта ұстап, еденнен 20 – 25 см жоғары қойылған сатының таяқшаларынан, үрленген доптардан (бір-бірінен қашық қойылған 5–6 доп арқылы кезекпен) аттап өту; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | күтуші, аспазшы, меңгеруші, жақсы, жұмыс істейді)<br>Ойыншықтарды қазақша дұрыс атауға үйрету. Сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата білуге жаттықтыру. Өткен сөздерді бекіту. Ойыншықты таза ұстауға тәрбиелеу. (Сылдырмақ, қонжық, сұр, қоңыр, жолақ, ойнаймыз, санаймыз, жинаймыз)<br>Отбасының  барлық мүшелеріне деген құрметті тәрбиелеу. Қазақ тіліне тән «Ә», «І», «Ғ», «Ң» дыбыстарын дұрыс атау. Шағын 3-4 сөздерден сөйлемдер құрастыруға үйрету.    (Әже, ата, әке, ана, іні, сіңлі, туыс, екеу, үшеу, мейрімді)<br>**Музыка**<br>алаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеу, музыкалық шығарманың мәнерлі құралдарын байқауға үйрету (ақырын, қатты, баяу, жылдам), жоғары дыбыстарды ажырату | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | (секста, септима шегінде жоғары, төмен), әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен орындалған әндер мен күйлерді тыңдату | |
| | **3 жас орта топ** | | | | |
| | Балаларға келген хаты көрсету. Ашып хатта суреттерді алып көрсету. Бұл қандай жеміс немесе көкөністанисыңдар ма?деп сұрау Әр балаға бір сурет алып атауға беру. Ол атауларда дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айтқызу арқылыдыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту **Сөйлеуді дамыту**<br><br>Иісім жұпар аңқыған,<br>Бақшадағы шырынмын.<br>Жеп көргендер тамсанған –<br>Балдай тәтті қауынмын.Көркем әдебиет | Ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту. Екі бала арасында доппен ойын. Допты бір біріне берер кездебір бала жемістерді, ал екіншісі көкөністерді атайды. Барлық баланың ойынойнауын қамтамасыз ету. **Сөйлеуді дамыту** Балалардың қалауы бойынша дамытушы орталықтарға бөлініп дербес шығармашлық әрекеттер жасау. Ыдыстарға жемістермен көкөністерді салу. Балалардыңқалауы бойынша **Сурет салу** Ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді мүсіндеу. **Мүсіндеу** | Геометриялық пішіндерді тану ( дөңгелек, үш бұрыш, шаршы) және атау. Жемістермен көкөністер қандай пішінге сәйкес келеді. Карточкалармен жұмыс. **Математика негіздері**<br><br>Пластиналарды тікбағытта және көлденеңорналастыру тәсілдерінпайдалануарқылы қарапайым құрылыстар құрастыру. **Құрастыру** | Кітап орталығында кітаптардан жемістермен көкөністердің суреттерді көрсетіп сұрақтар қою. Тіл ұстарту жаттығуын жасау. Із —із —із —бақшадағы сәбіз Ет – ет- ет- алматолы себет. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**<br><br>Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру дағдыларын жетілдіру. **Құрастыру** | Балаларға топтағыжеміс пен көкөнісмакет ойыншығыменойнауға жағдай жасау. Ойнапотырған ойыншығы тура сұрау. Бұл ойыншық несімен ұнайды. Оның түсі, пішіні қандай және т.б сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану. Апта бойы жаттаған тақпақ пен тіл ұстарту жаттығуын қайталап айтқызу. **Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет**<br><br>Балалардың қалауы бойынша сурет салу немесе ермексазбен еркін шығармашылық жұмыстар ұйымдастыру.**Сурет салу Мүсіндеу** |

| 4 жас ересек топ | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дос болу сезімін дамыту үшін топқа қонақ боп келген Жанель құыршақты таныстыру. Ол өзімен ертіп келген достарын таныстыру. Достарының есімдерін. сұрап, балаларға өз есімдерін айтқызу арқылы танысу дос болу жолдарын таныту. Достармен қандай ойын ойнайтынын сұрап ойын ойнау негізінде достық сезімдерін дамыту **сөйлеуді дамыту** Аружанның достарына қалаулары бойынша сурет салып беру, арқылы немесе мүсін жасау арқылы жеке қарандашты , ермек сазды қолдану қабылеттерін қалыптастыру **Сурет салу Мүсіндеу** | Балаларға топты аралатып, топтағы заттарды көрсету. Оларды атап, не үшін қолданылатынын әңгімелеуді дамыту. Топтағы заттарды салыстыру негізінде үлкен кіші, ұзын қысқа деген сөздерді түсініп, қолдануды үйрету. Заттарды пайдаланып көру қабылеттерін дамыту **сөйлеуді дамыту,Қоршаған ортамен таныстыру,математика негіздері** | Топқа әже конаққа келеді? Балалардан қонаққа кім келгенін сұрау. Сәлемдесу өз әжелерінің есімін атау, әже қандай адамі туралы әңгімелеп беруін сұрау негізінде сөйлеуін қалыптастыру. **сөйлеуді дамыту** Ойыншық туралы жаттаған тақпағын айтып, әжеден сыйлық алып құану сезіміне бөленуіне жағдай жасау **көркем әдебиет** Әженің қоржынынан шыққан заттарды санау, топтастыру, салыстыру бойынша санау қабылеттерін дамыту **математика негіздері** | Топқа кір қожалақ қуыршақ көмек сұрап келеді. Балалардан қуыршаққа қалай көмектесуге болатынын сұрау арқылы олардың бастамасы бойынша іс әрекет жасау. Балалардан қуыршаққа не болғаны туралы сұрап,ойларын дамыту. Дыбыстарды дұрыс айтып, байланыстыра сөйлеуін үйрету. **сөйлеуді дамыту** Қуыршақтың сүйікті ойыншығы доп екен. Бізде доппен ойнай аламыз ба деп доппен ойындар ойнату.Сосын доптың суретін салып, мүсінін жасауын , тақтаға жапсыруын ұйымдастыру. Қол қимылын дамытуға жағдай жасау **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру** | Балалардан бізге тамақ әкеліп, бізді күтіп қарайтын апайымыздың есімі кім? Ол бізге қалай қамқорлық танытады. Біз апайымызға қалай қамқорлық таныта аламыз деп балалардың байланыстырып сөйлеу дағдыларын дамыту. **сөйлеуді дамыту** Апайымызбен бірге кітаптар қарайық. Кітаптан көргенімізді апайымызға айтып берейік деп қызығушылығын жетілдіру **көркем әдебиет** |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Бақылау: Күз мезгілін бақылау** **Мақсаты:** балаларға күз мезгілі туралы | **Бақылау: Бұлтты бақылау** **Мақсаты:** балаларға бұлттың неге ұқсайтынын, | **Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. ***(қоршаған ортамен*** | **Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау. Мақсаты:** | **Құмдағы іздерді бақылау** Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | түсінік беру.<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған ағаш бұтақтарын жинату.<br>**Мақсаты**: Еңбекке баулу.<br>*(еңбек қызметі)*<br>**Көркем әдебиет бойынша жеке жұмыс.**<br>**Көркем сөз:** «Күз»<br>Берекесін сыйлауға<br>Өлкемізге күз келді.<br>Жемістерін жинауға<br>Шақырады біздерді.<br>**Қимылды ойын.**<br>«Кептерді қуып жет»<br>**Мақсаты:**Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.<br>*(дене қозғалысы қызметі)*<br>Еркін ойындар. | қай бағытқа көшіп жатқанын бақылатып әңгімелеу.<br>**Еңбек:** Учаскедегі шашылған жапырақтарды жинату.<br>**Мақсаты**: Еңбекке баулу.<br>(еңбек қызметі)<br>**Көркем әдебиет бойынша көркем сөз:** «Бұлт» Қ. Әлімқұлов<br>Түрленді дала, бау- бақша,<br>Құлпыра қалды тау жақта.<br>Қара бұлтты жел қуып<br>Жөнеп берді аулаққа.<br>**Қимылды ойындар.**<br>«Түсті автокөліктер»<br>Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау.<br>Еркін ойындар | ***танысу-әлеуметтік қызмет)***<br>**Көркем сөз**: «Суық торғай» (С. Қалиев)<br>Торғай-торғай тоңдың ба,<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Тұра алмайсың орныңда?<br>Жем іздейсің айнала.<br>Бір қонасың, бір ұшып,<br>Үйге кірші, торғайым,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Мен аяздан қорғаймын<br>**Еңбек**: Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>(еңбек әрекеті)<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға өздері білетін құстар туралы тақпақтар айтқызу.<br>**Қимылды ойын**3 «Ақ қоян»<br>*(дене қозғалысы)*<br>Еркін ойын | Жапырақтардың ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>**Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу.<br>*(еңбек қызметі)*<br>**Көркем сөз:** Ертегі оқып беру<br>«Ағаштар ұйықтайма?»<br>(көркем әдебиет-әлеуметтік қызмет)<br>**Қимылды ойын**.<br>«Қасқырлар мен лақтар»<br>*(дене қозғалысы)*<br>Еңбек әрекеті | ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру.<br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.<br>**Мақсаты:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(еңбек қызметі)<br>**Жұмбақ:**<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын,<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың? (Күз)<br>(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)<br>Жеке жұмыс: «Күз» тақпағын қайталап айту<br>**Қимылды ойын**.<br>«Жапалақтар»<br>(дене қозғалысы)<br>Еркін ойын |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқа әрекеттер)** | Көкөністер мен жемістерді себеттерге салу.<br>бірдей заттарды салыстыру бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру<br>**Математика негіздері**<br>Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу. Ұжымдық жұмыс жүзім. Балалар бір бірден жасап,сабағына жинап, жүзім сабағын жасау.<br>**Мүсіндеу**<br>Дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету.<br>**Жапсыру** | Жемістер мен көкөністер туралы видео материал көрсету. Тыңдауға, әуенелі сөздерді естесақтауға үйрету<br>**Көркем әдебиет**<br>бөлме өсімдіктерінің түрлері (шегіргүл, қазтамақ, бегония және тағы басқа), олардың ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру. **Қоршаған ортаментаныстыру** | Жалпы белгілерібойынша жемістер мен көкөністерді топтастыру.<br>тақпақты мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету.<br>Иісім жұпар аңқыған,<br>Бақшадағы шырынмын.<br>Жеп көргендертамсанған –<br>Балдай тәтті қауынмын.<br>**Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет**<br><br>желімдеудің техникасы; желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағып алуды үйрету арқылы жемістерді жапсыру.<br>**Жапсыру** | дөңгелек пішінді жемістердің суретінсалу<br>**Сурет салу**<br><br>көңілді музыкаға, еркінби қимылдарын жасау арқылы көңіл күйлерін көтеру<br>**музыка** | Алдын ала даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі; үлкен және кішкентай көкөністерді жапсыру.<br>**Жапсыру**<br><br>Құрастыру заттарынан ағаштармен жемістер құрастыру<br>**Құрастыру** |
| **4 жас ересек топ** | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Достарымызбен шеңберге тұрайық, ойыншықтардан шеңбер жасайық. Шеңбер бойлап айналайық. Топта шеңберге ұқсас заттарды тауып салыстыру. **математика негіздері** Құрылыс заттарынан достарына үйшік құрастыру **Құрастыру** Дайын жапсыру пішіндерінің ішінен домалақ пішінді табу, атау,тақтайшаға жапсыру. **Жапсыру** | Балалардың қалауы бойынша орталықтарға бөлініп, еркін тақырыпта сурет салу, тұзды қамырды пайдаланып мүсін жасау. Фланелеграф тақтасына әр түрлі пішіндерді тізбектеп жапсыру. **Сурет салу,Мүсіндеу,Жапсыру** | Әр түрлі құрылыс заттарын пайдаланып, балалардың қалауы бойынша жануарларға қоралады жасауды үйрету **Құрастыру** Мерекелік әсем шарлар деп суретін салу, мүсінін ермексаздан жасауды жетілдіру ,**Сурет салу,Мүсіндеу** | Ойыншық туралы жаттаған тақпақтарды айтқызу арқылы есте сақтауын дамыту. **көркем әдебиет** Қонағымызды топтағы қуыршақтармен салыстырып көрейікші. Ол зат қандай сұрағына жауап беруін қалыптастыру. **математика негіздері** | Тапсырмалары бар қораптарды көрсету. Ойнап көреміз бе? деп«артығын тап» айдарында тапсырмаларды орындату **математика негіздері** Қандай суретті бояймыздеп балаларға қалауы бойынша таңдаған жемісті бояту, ермак саздан жасату немесе тақтаға жапсыру және сипаттауын қалыптастыру. **Сурет салу, Мүсіндеу, Жапсыру** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Күз мезгілінің белгілерін үйрету | Күз айларын атауға үйрету | Күзгі киім үлгілерін білуге үйрету | Күз мезгіліндегі адам еңбегімен таныстыру | Күз мезгіліндегі ауа райы құбылыстары жайлы бачндауға үйрету |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).** | | | | |
| **Серуен** | К/о «Ақ доп, қызыл доп» Еркін ойындар Жеке әңгімелесулер | К/О «Поезд» Кешкі табиғаттың ерекшеліктерін атауды үйрету. | «Артығын тап» дидактикалық ойын негізінде геометриялық пішіндерді тану және атауды пысықтау (Математика негіздері) К/О «Допты дәлдеп лақтыр» | К/о «Торғайлар мен автомобиль» Бүгінгі күннің ерекше сәттері жайында әңгімелесу | Нешеуміз? Тақпағын қайталап пысықтау (көркем әдебиет) К/О Құстардың ұшып келуі» Еркін ойындар. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау | Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу | Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме | Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме | Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Балдаурен» шағын орталығы
**Топ:** аралас (ортаңғы және ересек ) топ
**Балалардың жасы:** 3 - 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 30.09 - 04.10.2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 30.09.2024ж** | **Сейсенбі 01.10.2024ж** | **Сәрсенбі 02.10.2024ж** | **Бейсенбі 03.10.2024ж** | **Жұма 04.10.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды көтеріңкі көңіл-күймен қарсы алу. «Көңіл-күйіңді көрсет» ойын жаттығуы - балалардың оң мінез-құлық қабілеттерін қалыптастыру. **Күй әуенін қосу.Күй күмбірі** | Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу.Күй күмбірі** | Шармен , көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу.** | Қонаққа келген қоянның ойыншығымен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу.Күй күмбірі** | Достар әнімен қарсы алу Баланың бүгінгі көңіл күйі, оны не қызықтыратыны туралы сұрау, баланы жеке пікірін білдіруге тарту. **Күй әуенін қосу.Күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Балалардың көңіл-күйі, денсаулығы жайлы әңгімелесу. | Үйдегі өзіне-өзі қызмет ету дағдыларының қалай қалыптасып жатқанын сұрау | Баланың үйдегі ойыншықтарға деген қызығушылығы жайлы сұрау | Балабақшадан кейінгі баланың өзін-өзі қалай ұстатйыны жайлы әңгімелесу | Демалыс күндердегі баланың күн тәртібі жайлы әңгімелесу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | Ата отыр кәріміз, Қуат берер дәріміз, Әулиедей аялап Ардақтаймыз бәріміз.Үлкенге құрмет,**бір тұтас тәрбие** | Әжем өрнек тереді, Оймақ сарақ оюлап. Басы ауыра береді, Шай ішпесе қоюлап.**көркем әдебиет, бір тұтас тәрбие** | «Ою - өрнектер» құрастыру. Шарты: Төрт бөлікке бөлінген оюдан бүтіндей ою шығару керек. Ол үшін тапсырманы орындау керек.**Бір тұтас тәрбие** | «ТЖ кезіндегі әрекеттер: мектепке дейінгі жас»қауіпсіздік ережелерімен таныстыру **Қауіпсіздік іс әрекеті** | Батады,батпайды» Балалар доп суға неге батпады? Балалар: өйткені доп жеңіл. Тәрбиеші: кәне допты алып барлығымыз суға салып көрейік. Ал балалар мынау не? Тас, тас қандай? Қатты, ауыр. Тасты суға салайық. Тас не істеді суға батып кетті, өйткені тас ауыр.**Экологиялық тәрбие** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты карауды қалыптастыру<br>**Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: баяу сөйлеу, жаңылтпаштар айту **Сөйлеуді дамыту.** | Кітаптарға қызығушылықты ояту. Жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге, олардың мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбиелеу.**Көркем әдебиет** | Заттардың айырмашылықтары мен атауларын, олардың көлемін, түсін, пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын қалыптастыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін: сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру. **Қоршаған ортамен таныстыру** | Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өзбетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзінің тұрғызған құрылысын талдауға баулу **Құрастыру** | Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану. **Сурет салу** |
| **3 жас ортаңғы топ** | | | | | |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене шынықтыру**<br>Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқауларменойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету. Жаттығуларды заттармен және заттарсыз орындау. | **Музыка**<br>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;<br>Аспаптардың, музыкалық және шулы ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуды үйрету; | **Дене шынықтыру**<br>Қолға және иық белдеуіне, денеге, аяққа арналған жаттығулар- қолдарын жоғарыға және жанына көтеру, бір қолындағы затты алдына әкеліп, екінші қолына ауыстыру; қолдарын шапалақтау. | **Қазақ тілі**<br>Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау: бір-бірімен күнделікті еркін ойында, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге үйрету | **Дене шынықтыру**<br>Допты бір-біріне беру, аяқты өзіне қарай тарту, доға тәрізді дөңгелектеп иу, Отырған, жатқан қалыпта екі аяқты созу, түрегеліп тұрған қалыптан солға, оңға, алға қарай еңкею. Отырып, аяқтың ішкі қырымен құм салынған қапшықты алу, екі аяғымен секіру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **4 жас ересек тобы** | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. | **Музыка**<br>Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармалардыалаңдамай соңына дейін тыңдау). Музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс шығармаларды білу, тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуді жетілдіру | **Дене шынықтыру**<br>Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. | **Музыка**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br><br>**Қазақ тілі**<br>Айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстар, оқиғалар туралы ақпараттарды алуға және оларды талқылауға мүмкіндік беру. | **Дене шынықтыру**<br>Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. |
| | **3 жас ортаңғы топ** | | | | |
| | «Күзгі жапырақтарды жинау» ойыны **Қоршаған ортамен таныстыру Экологиялық мәдениет** Балалармен күз байлықтары жеміс – жидектер туралы біледі. Пазлдардан құрастырады.**Құрастыру** «Әдемі алма»Дөңгелек пішіннен алманың суретін салып, өз қалаулары бойынша бояйды. Балалар түрлі түсті қарындаштарды | «Ерекшелігін тап»ойыны Шарты:Тәрбиеші тақырып бойынша тапсырманы қалай орындайтыны туралы нұсқау беріп, өзі де ойынға қатысады. Суреттерге байланысты сұрақтар қойып, балалараура райының жағдайын анықтап, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылайды. ағаштар туралы айтып, сұрақтарға жауап беріп, көрсетеді.**Қоршаған ортамен танысу** «Қызыл алма» (заттық | Күз мезгілі жайлы видео көрсету,сұрақтар қою.**Сөйлеуді дамыту Экологиялық мәдениет** Жапырықтарды салыстыру Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру.**Математика негіздері** Жапырақтың суретін салу, ақ қағазға жабыстыру, және | Күз туралы тақпақ жаттату,мнемокесте арқылы **Көркем әдебиет** Күзгі бақтағы еңбек туралы әңгімелеу.**Сөйлеуді дамыту** д /о: "Сюжетті сурет арқылы әңгіме құрастыр" Сұрақ - жауап алу арқылы суреттерді әңгімелей отырып байланыстыра сөйлеуге үйрету. Балалар жылдың қанша мезгілі бар?Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?Неге қазір күз мезгілі деп | Бүркіт Жақыповтың «Күз сыйы» өлеңін жаттаймыз. Өлеңді жаттау оңай болу үшін мнемокестені қолданамыз **Көркем әдебиет Экологиялық мәдениет**<br><br>Дидактикалық ойын:«Үлкен – кіші» Мақсаты: Көлемі бойынша(үлкен – кіші) заттарды салыстыру . Жемістер мен көкеністерді көлеміне қарай салыстыру білігін |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қолданып, өздері салып бояйды.**Сурет салу**<br>«Күзгі ағаштар»: Екі қарама-қарсы және бірдей заттарды ұзындығы,ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстырады.<br>Ағаштардың суреттерін ұзындығы, ені, биікті мен жуандығы бойынша салыстырады.<br>**Математика негіздері** | мүсіндеу)<br>Ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату тәсілдерін пайдаланады **Мүсіндеу** | жапырақтардан пазл құрастыру<br>**Жапсыру,суретсалу, құрастыру** | ойлайсыңдар? Күз мезгілінде неше ай бар,атап беріңдерші? Күз ерекшелігі қандай?<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>-Балалар, бүгін мен сендерге "Алтын жапырақ" атты өте қызықты ертегі алып келдім. **Көркем әдебиет**<br>Балаларды екі топқа бөлу:<br>Балаларға дәстүрден тыс әдістермен жапырақ бейнесін жасауды түсіндіру<br>**Жапсыру,сурет салу** | дамыту (үлкен – кішкентай), заттарды осындай белгілеріне қарай топтау; заттарды табуға деген ынтасын тәрбиелеу.<br>Шарты: Үлкен –кіші суреттерді сызық арқылы қосуды тапсырады<br>**Математика негіздері.** |
| **4 жас ересек тобы** | | | | | |
| | Бүгінгі күнімізді серуеннен бастап. Бақша ауласын аралап, күзгі табиғатты тамашалап бақылау. Ағаштардан түскен бұтақтар мен жапырақтар, дәндерді жинап топқа алып келуді жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Балалармен бірге жанырақтарды бояу(**сурет салу**)<br>Жапырақтардан безендіру заттарын жасап, топты безендіру. | Балаларға түрлі жемістер мен көкөністер араластырылып салынған себетті көрсету себеттегі жемістермен көкөністерді бөліп екі ыдысқа салу және оларды сипаттауды дамыту. «Дәмін татып біл» ойынын ойнату<br>(**сөйлеуді дамыту**)<br>Балаларға таңдау еркіндігін беру. Қалаған орталықтарына барып. Қалаған жеміс ,көкөніс суретін салуға және мүсіндеуге үйрету (**сурет салу,. (мүсіндеу)** | «Күз туралы ертегі»айтып. Балалардан күз туралы ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруді дамыту. (**сөйлеуді дамыту)**<br>**«Күз» тақпағын жаттату**<br>(Қабдікәрім Ыдырысов)<br>Күзім-ау, күзім-ау<br>Мінезің бұзық ау,<br>Жаңбырың сікіреп,<br>Келгенің қызық-ау.<br>(**көркем әдебиет)**<br>Күзгі жаңбыр суретін салуға ынтасын дайындау.<br>Күзгі жемістерді салатын табақты мүсіндеуді үйрету(**сурет салу, мүсіндеу)** | Күздегі құстар мен жануарлардың тіршілігімен таныстыру. Бақша ауласына құстарды бақылау, олар жайлы. Өздері не білетін айтқызу.<br>Құстарға жем, су беру. **(қоршаған ортамен таныстыру)**<br>Құстардың суретін пішіндерден құрап жапсыру (**жапсыру)**<br>Құрастыру материалдарынан өкстарға үйшік жасау.<br>(**құрастыру)** | Күзде жануарлар не істейді, адамдар не істейді сұрау.<br>Тіршіліктеріндегі айырмашылықтарды айта білуін қалыптастыру.<br>(**сөйлеуді дамыту**)<br>Бақша күтушісінің пайдаланатын құралдарын таныстыру.<br>(**қоршаған ортамен таныстыру**)<br>Балалардың қалауы бойынша кітап көруге, бақша күтушісінің құрал саймандарын мүсіндеп жасауға үйрету<br>(**мүсіндеу)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **(жапсыру)** | | | | Кітапқа қамқорлық таныту.**бір тұтас тәрбие** |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | **Күзгі көріністі бақылау.** **Мақсаты:** Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. | **Күзгі көріністі бақылау.** **Мақсаты:** Ағаштарға, ағаш жапырақтарына назар аударту. Күз ерекшеліктерін айыра білуге ; күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. | **Қимылдық ойын:** «Жүгіріп өтуге үлгер». **Мақсаты:** Ептілікке, шапшаңдыққа , батылдыққа тәрбиелеу, тез секіруге үйрету. | **Еңбек: Ойын алаңы.** **Мақсаты:** Ойын алаңындағы ағаш бұтақтарын жинау.Балаларды еңбексүйгіштікке баулу. Өз аландарын таза ұстауға үйрету. | **Күзгі жапырақтарды бақылау.** күннің салқындауы, жаңбырдың жиі жаууы, жапырақтардың сарғаюы, адамдардың жылы киінуі туралы түсінік қалыптастыру. Сарғайған жапырақтарды жинау. |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу, қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)** Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)** Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балаларды ң дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Сен жасыр, біз табамыз» балалар көзін жұмып отырады. Бір ойыншы шығып жеміс, көкөністердің муляждары салынған табақтан біреуін алып, артына жасырады. Ойыншы сол жемісті,көкөністің атын айтпай сипаттайды. Жасырған жемісті, көкөністі дұрыс тапқан бала ойынды жалғастырады. Сөйлеуді дамыту | Дидактикалық ойын:«Не қайда тұр?» Кеңістік ұғымдарын қалыптастыру (сол жақ, оң жақ, ортасында), сөйлегенде осы терминдерді дұрыс қолдануға баулу. Сол жаққа қарай орналасқан және оң жаққа қарай орналасқан жемістерді табу, атау Математика негіздері | Дидактикалық ойын: «Киіндіреміз»Киім туралы түсінік беру, жыл мезгілдерінің өзгерістеріне байланысты киімдерді сараптай білуді үйрету; Маусымдық өзгерістеріне сәйкес киімдерді таңдау дағдыларын қалыптастыру; Жыл мезгілдеріне байланысты карточкаларды пайдаланып, қай киімді қай мезгілге сәйкес кию керектігін айтады Сөйлеуді дамыту,қоршаған ортамен таныстыру. | Дидактикалық ойын: «Жеміс бағына саяхат» Жемістер туралы білімдерін естеріне түсіріп, жемістер бақта өсетіндіктерін ұғындыру; Күз сыйы және бақ деген сөздерге сөздік жұмысын жүргізу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту; Өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Шарты: Бақтағы ағаш суретіне жемістерді атай отырып орналастыру. Сөйлеуді дамыту | «Жемістер алма, алмұрт»Дайын пішіндерді қағаз бетіне жабыстырады. Жапсыру Дидактикалық ойын: «Артында – алдында» Мақсаты: Заттардың өзіне тікелей жақынкеңістікте орналасқан бағытын ажырату (алдында – артында) түсініктерін қалыптастыру; |
| **Балалармен жеке жұмыс** | Сабина мен тең және тең емес заттар тобын салыстырып ажыратуға машықтандыру. | Айдинаны бір-бірімен, ересектермен сөйлесуді үйрету. | Жангерей мен өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеуді машықтандыру. | Асенефа мен тұратын қаласы мен ауылы туралы айтуға үйрету. | Сабинамен тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылығын үйрету. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | **Құстарды бақылау** **Мақсаты:** Күзгі құстардың өмірі жайлы түсінік беру. ***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік*** | **Ағаштардан желмен ұшып түсіп жатқан жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Жапырақтардың | **Құмдағы іздерді бақылау** Мақсаты: Учаскелердегі құмдағы іздердің кімнің ізі екенін айыра білуге үйрету. Өз іздерін бір-бірімен салыстыру. | **Жерге түскен жапырақтарды бақылау.** **Мақсаты:** Балаларға жапырақтар неліктен жерге түскендігі туралы айту. Олардың түстерін | **Күз мезгілінде желді бақылау** **Мақсаты**: Күз мезгіліндегі желдің салқын болатынын айту. Әңгімелесу арқылы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ***қызмет)***<br>**Көркем сөз**: «Суық торғай» (С. Қалиев)<br>Торғай-торғай тоңдың ба,<br>Қарап қойып жай ғана,<br>Тұра алмайсың орныңда?<br>Жем іздейсің айнала.<br>Бір қонасың, бір ұшып,<br>Үйге кірші, торғайым,<br>Отырасың бүрісіп.<br>Мен аяздан қорғаймын<br>***(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)***<br>**Еңбек**: Құстарға жем шашу.<br>**Мақсаты:** Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.<br>(еңбек әрекеті)<br>**Балалармен жеке жұмыс:** балаларға өздері білетін құстар туралы тақпақтар айтқызу.<br>**Қимылды ойын**. «Ақ қоян»<br>*(дене қозғалысы)*<br>Еркін ойын | ағаштардан қалай түскенін бақылап, әдемі жапырақтардың айналаға қалай сән беріп тұрғанын әңгімелету.<br>***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)***<br>**Еңбек**: Шашылған жапырақтар қалдықтарын жинау.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу.<br>*(еңбек қызметі)*<br>**Көркем сөз:** Ертегі оқып беру<br>«Ағаштар ұйықтайма?»<br>(көркем әдебиет-әлеуметтік қызмет)<br>**Қимылды ойын**.<br>К-№4 «Қасқырлар мен лақтар»<br>*(дене қоғалысы)*<br>Еңбек әрекеті | ***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)***<br>**Еңбек:** Құм салғыштағы құмды күрекшелерімен көтеру.<br>**Мақсаты:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>(еңбек қызметі)<br>**Жұмбақ:**<br>Жиып-теріп болатын,<br>Қамбаға астық толатын,<br>Қызыл қырман ойнайтын,<br>Қай мезгіл деп ойлайсың?<br>(Күз)<br>(көркем әдебиет-коммуникативті қызмет)<br>Жеке жұмыс: «Күз» тақпағын қайталап айту<br>**Қимылды ойын**.<br>«Жапалақтар»<br>(дене қозғалысы)<br>Еркін ойын | атауға үйрету.<br>***(қоршаған ортамен танысу-әлеуметтік қызмет)***<br>**Еңбек:** Құм салғыштың ішіне түскен жапырақтарды тазалау.<br>Мақсаты: тазалыққа тәрбиелеу.<br>(еңбек қызметі)<br>**Балалармен жеке жұмыс:** Балаларға жұмбақ жасыру.<br>Жазда тұрып жоғары,<br>Күзде жерге қонады<br>(жапырақ)<br>Аспай піскен,<br>Қайнамай піскен (жеміс)<br>Жер бетінде шашы бар<br>Жер астында басы бар<br>(сәбіз)<br>*(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)*<br>**Қимылды ойын**.<br>«Күн мен жаңбыр»<br>(дене қозғалысы)<br>Еркін ойын | балалардың тілін дамыту.<br>*(қоршаған ортамен танысу- әлеуметтік қызмет)*<br>**Еңбек**: Учаскедегі шашылған қағаздарды жинау.<br>**Мақсаты:** тазалыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**(еңбек қызметі)**<br>**Көркем сөз:** Тақпақ оқу «Желді күн» (Ж. Смақов)<br>Гу-гу,гу-гу шықты<br>Желдеттіде бұлт қуды<br>Жел соққан соң<br>Жел тіпті<br>Жын соққандай жұлқынды<br>*(көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)*<br>**Қимылдыойын**.<br>«Күн мен түн»<br>(дене қозғалысы)<br>Еркін ойын |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Ата-аналарға кеңес үйде ойын бұрышын ұйымдастыру. | Психолог кеңесі. (Жеке балаларға) | Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. | Кеңес: Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы. | Сәтті демалыс тілеу |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Балдаурен» шағын орталығы
**Топ:** аралас (ортаңғы және ересек ) топ
**Балалардың жасы:** 3 - 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 07.10. - 11.10.2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 07.10.2024ж** | **Сейсенбі 08.10.2024ж** | **Сәрсенбі 09.10.2024ж** | **Бейсенбі 10.10.2024ж** | **Жұма 11.10.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Көңілді смайликтермен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, **күй күмбірі** | Күйдің сүйемелдеуімен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, **күй күмбірі** | Көтеріңкі көңіл күймен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, **күй күмбірі** | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу Күй сүйемелдеуі, **күй күмбірі** | Көңілді күн әнімен қарсы алу Күй сүйемелдеуі, **күй күмбірі** |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың топтағы көңіл-күйі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен меркелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | «Хан талапай ойыны» Жіліктен шыққан сүйек, Ойнаймыз біз шертіп. Бәрімізге таңсық Аты оның – асық.**бір тұтас тәрбие** | Қазақтың сәндік қолданбалы өнер бұйымдарын атауға үйрету. Ұлттық ою-өрнек элементтерін пайдаланып,сырмақтың үстіне оюды жиектеп бастырып бояту. **бір тұтас тәрбие** | Қол жуу кезіндегі қауіпсіздік жайлы әңгіме,**қауіпсіздік әрекеті** | Жеңіл Мақал мәтелдер жаттату,мағынасын түсіндіру,**бір тұтас тәрбие** | «Еңбегі адал жас өрен» жобасы «Жас метеоролог» экологиялық бағытта танымдық жобаға дайындық **Бір тұтас тәрбие,эколгиялық мәдениет** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Әнұран орындау** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. **Құрастыру** | Сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту. **Сөйлеуді дамыту** | Кесектерді алақандарының арасында домалату, есу, жаю тәсілдері арқылы заттарды мүсіндеу (ыдыстар, ойыншықтар). **Мүсіндеу** | Балаларда жақсы және жаман әрекеттер, қылықтар туралы қарапайым түсініктерді дамыту, жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру **Қоршаған ортамен таныстыру** | «Жолдағы жағдайлар» ойыны (балалар мен ата-аналар слайдтағы жағдаяттарды қарастырып, жол ережесін бұзу бар ма, жоқ па деп жауап береді).**Сөйлеуді дамыту, қауіпсіздік іс әрекеті** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет** | **3 жас ортаңғы топ** | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру, тізені жоғары көтеріп жүру аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру. | **Музыка**<br>Дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салуды жетілдіру. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету | **Дене шынықтыру**<br>Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы жүгіру дағдыларын қалыптастыру: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сақтай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап жүгіру. | **Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды,естуді дамыту | **Дене шынықтыру**<br>Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып секіру, тұрған жерінен ұзындыққа секіру. |
| | **4 жас ересек тобы** | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>аяқтың сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүргіру;<br>10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; | **Муызка**<br>марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіруді орындауды үйрету | **Дене шынықтыру**<br>Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау | **Музыка**<br>Таныс әндерді орындауда балаларға арналған музыкалық аспап ағаш қасықтарды қолдану, қарапайым әуендерді орындауын ұйымдастыру<br>**Қазақ тілі**<br>Артикуляциялық және дауыс аппаратын, | **Дене шынықтыру**<br>Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту. Таныс ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық, дербестік танытуға баулу. Ойындарда физикалық қасиеттерді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру;<br>заттардың арасымен құрсауларды бір-біріне домалату;<br>арқанның бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру;<br>бір-бірінің жанына сапқа тұру. | | | сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту.Қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу. | (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту. |
| | **3 жас ортаңғы топ** | | | | |
| | Құстар сөйлей ала ма? Олар қалай сөйлеседі? Олар қалай тамақтанады? Олар қайда өмір сүреді? Балалардың ойларын тыңдау. **(көркем әдебиет)**<br>Біз қамқоршы баламыз,<br>Құстарға ұя саламыз.<br>Жемдерін беріп қыс бойы,<br>Көмекші бала боламыз.<br>Өлен айтып, ән шырқап,<br>Құстарға дос боламыз.<br>тақпақтарды жатқа айту**(сөйлеуді дамыту)** | Үй құстар мен дала құстары туралы фильм тамашалу. Суреттер қарау. Әңгімелеу. **(көркем әдебиет)** Балалардың қалауы бойынша дәстүрден тыс әдіспен құстардың суретін салу, ермексаздан ұжымдық жұмыс арқылы бейнесін жасау және геометриялық пішіндер арқылы жапсыру. **(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)** | Қағаз парағын көлемді пішіндерге қайта келтіру, қағазды кесекке, орамдарға, ілмекке айналдыра білу дағдыларын бекіту арқылы құстың бейнесін құрастыру **(құрастыру)**<br>Таныс ертегілердің мазмұнын айтуда мазмұнның жүйелілігін сақтауға, диалогтік сөйлеуге, кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету **(көркем әдебиет)** | Сурет бойынша құстар туралы әңгіме, үлгі бойынша әңгіме құрастыру. **(көркем әдебиет және сөйлеуді дамыту)**<br><br>Біз қамқоршы баламыз,<br>Құстарға ұя саламыз.<br>Жемдерін беріп қыс бойы,<br>Көмекші бала боламыз.<br>Өлен айтып, ән шырқап,<br>Құстарға дос боламыз.<br>тақпақты жатқа айту<br>Құстардың үйшіктерін биіктігі және жуандығы бойынша бірдей және екі түрлі үйшіктерді салыстыру **(математика негіздері)** | Құстардың ән салғанын тыңдау. Дыбысына қарай қай құс екенін анықтау.<br>Орманда ма әлде қалада өмір сүреді ма зерттеу. Қала мен орманның айырмашылықтарын білу**(қоршаған ортамен танысу)**<br>**Экологиялық мәдениет** Балаларды тақпақтар мен өлеңдерді түсініп, есте сақтауға, өлеңнің мазмұнына өз көзқарасын білдіруге үйрету<br>Біз қамқоршы баламыз,<br>Құстарға ұя саламыз.<br>Жемдерін беріп қыс бойы,<br>Көмекші бала боламыз.<br>**(көркем әдебиет)** |
| 4 жас ересек тобы | | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалардан үйдегі және көшедегі қауіпсіздік туралы не білетіндерін сұрау,қауіпсіздік ережелерімен таныстыру **Қоршаған ортамен танысу**<br>«Бағдаршам» өлеңі Әдібай Табылдиев<br>Мақсаты: Ересектердің сөзін тыңдайды және өлеңді түсінеді.<br>**Сөйлеуді дамыту**<br>«Бағдаршам» ойыны<br>**Мақсаты:** Сызықтарды, дақтарды, бояуларды ретімен қолдана біледі<br>**Сурет салу**<br>Әр түрлі түстегі, пішіндегі бөлшектерді сәйкестендіріп бағдаршам құрастырады.<br>**Құрастыру** | Машина» өлеңі Ә.Табылдиевтың<br>Мақсаты: Қысқа өлеңді саналы эмоционалды түрде жатқа айтады.<br>**Көркем әдебиет**<br><br>«Бағдаршам» ойыны<br>Мақсаты: Заттарды бір қатарға, реті бойынша бір бағытта солдан, оңға қарай орналастырады.<br>Математика негіздері<br>**«Бағдаршам»**<br>Мақсаты: Желімді қылқаламға жағып пішіндерді жабыстырады<br>**Жапсыру,бір тұтас тәрбие** | Ойын: «Айсұлу адасып кетті»<br>(тілдің дыбысталу мәдениеті)<br>Мақсаты: Тілдік қарым - қатынас мәдениетін дұрыс қолданады. **Сөйлеуді дамыту**<br>«Қала жолдары» ойыны<br>Мақсаты: Түзу, көлденең, тік, толқын тәрізді сызықтарды жүргізеді.<br>**Сурет салу**<br>«Ауладағы қауіпсіздік»<br>Мақсаты**:** Табиғатта өзін ұстай білу ережелерімен таныстыру **Қоршаған ортамен таныстыру,қауіпсіздік әрекеті** | Әр көліктерді түстеріне қарай жинақтап орналастыру **Математика негіздері**<br>Жол белгілерімен, жол қиылысындағы жолдар туралы әңгімелесу<br>**Қоршаған ортамен танысу**<br>Бағдаршам көздерін ретімен орналастыру ойыны, **Сөйлеуді дамыту**<br>Ұзын және қысқа жолдарды ажырату<br>**Матемтика негіздері**<br>Иә немесе жоқ ойыны (Балалар жауап береді)<br>А) Балалар көлік жүретін жолда доп ойнай ала ма?<br>Ә) Қызыл шам жолдан өтуге мүмкіндік бере ме?<br>С) Жолды зебрамен кесіп өте аламыз ба?<br>D) Жолдан қара мысық жүгіріп өтсе, оның артынан тас лақтыра аласың ба?<br>д) Жолды кесіп өткенде жан-жағына қарау керек пе?<br>Е) Біз көліктермен велосипедпен жүреміз бе?<br>**Көркем әдебиет** | Сұрақтар ілмегі<br>Жүргіншілер қай жолмен жүру керек?<br><br>- Жиек жолмен жүреміз.<br><br>- Жиек жол болмағанда ше?<br>- Жер асты жолымен.<br>- Жолдың қай жағымен жүру керек?<br>Оң қол жақпен жүреміз.<br>- Қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?<br>- Аялдамадан отырамыз.<br>**Қоршаған ортамен таныстыру**<br>Ойын: «Белгілерді жинап, ата» (пазлдар, балалар жол белгілерінің қиылған кескіндерін бүктеп, атайды **Құрастыру** |
| **Серуенге дайындық** | Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту** | | | | |
| **Серуен** | Күзгі ауа-райындағы | Күзгі ағаштардың | Саябақты бақылау | «Тұманды бақылау» | «Күзгі желдің бағытын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өзгерістерді бақылау.<br>**Мақсаты:**Балаларға күз мезгілі туралы әңгімелеу. Күзгі ауа-райын жазғы ауа-райымен салыстыру, күздегі өзгерістерді айтқызу.<br>(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, әлеуметтік қызмет***)***<br>**Еңбек**: Құм салғыштың айналасындағы құмдарды жинату.<br>**Мақсаты:** еңбекке баулу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Көркем сөз:**<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық.<br>Шуылдайды тал терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)***<br>**Қимылдыойын:**<br>«Аңшылар»<br>***(дене қозғалысы)***<br>Еркін ойын | жапырақтарының түстерін бақылауға үйрету.<br>**Мақсаты:** Күзгі жапырақтар туралы әңгімелер айту, түстерін айтқызу.<br>*(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру, математика негіздері-коммуникативті, әлеуметтік, танымдық қызмет)*<br>**Еңбек:** Гербарий жасауға жапырақтар жинау.<br>**Мақсаты:**Балаларға гербарий жасауды үйрету.<br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Көркем әдебиет:**<br>«Күзгі жапырақтар» (Қ. Шарғытбаев)<br>Алтын, сары, қызыл, көк,<br>Алуан-алуан жапырақ.<br>Күзгі бақта күлімдеп,<br>Көз тартады атырап.<br>***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)***<br>**Қимылды ойын:**<br>«Қоян»<br>***(дене қозғалысы)***<br>Еркін ойын | **Мақсаты:** Адамдардың саябаққа не себепті келетіні жайында айту.<br>**(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру-коммуникативті, әлеуметтік қызмет)**<br><br>**Еңбек:**саябақтағы әр түрлі ағаштардың жапырақтарын жинау.<br>**Мақсаты:**Әр ағаштың жапырағын ажыратуға үйрету.<br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Балалармен жеке жұмыс:**<br>Күз туралы білетін тақпақтарын айтқызу.<br>***(сөйлеуді дамыту)***<br>**Қимылды ойын:**<br>«Поезд»<br>***(дене қозғалысы)***<br>Еркін ойын | **Мақсаты:** Табиғат құбылыстарын атау.Соның ішінде бүгінгі ауа-райының өзгерісі тұманды бақылату. Ашық және тұманды күннің ерекшеліктерін салыстыру.<br>**Еңбек:** Жапырақтардан әртүрлі бейнелер құрастырту.<br>**Мақсаты:** жапырақтан әр түрлі бейнелер құрастыра білуге тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Балалармен жеке жұмыс:** Танысқан дыбыстар бойынша сөздер ойлату.<br>***(сөйлеуді дамыту )***<br>**Қимылды ойын:**<br>«Торғайлар мен автомобиль»<br>***(дене қозғалысы)***<br>Еркін ойын | бақылау»<br>**Мақсаты:** Балаларға желдің қай бағытта соғып тұрғанын,қандай леп арқылы соғып тұрғаны жөнінде жалпы түсінік беру. Балалардың ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін арттыру.<br>**Еңбек:** Балаларға желдің бағытымен ұшқан күзгі жапырақтарды жинату.<br>**Мақсаты:** еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>***(еңбек әрекеті)***<br>**Көркем сөз:**<br>Көк майса,көрікті,<br>Алқаптағы көк егін.<br>Бұл күндері киіпті,<br>Сары жібек көйлегін,<br>Жел тынымсыз гуілдеп,<br>Болып кетті тым бұзық.<br>Шуылдайды тал, терек,<br>Жапырағын жұлғызып.<br>***(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)***<br>**Қимылды ойын:**<br>«Аттар»<br>***(дене қозғалысы)***<br>Еркін ойын |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. **(дербес қимыл әрекеті).** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі  ас алдында гигеналық шараларды  орындау : қолды дұрыс жуу, өз орамалының орнын білу,  қолды дұрыс сүрту, орамалды ілу көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу»<br>Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Күндізгі ұйқы** | Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету.<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Балалардың  тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. **(Музыка)** | | | | |
| **Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары** | *Төсектен тұрып, түйіршекті және  жұмсақ жолақшалармен жүруді дағдыландыру.* **(дене жаттығулар мен белсенділігі)**<br>Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. **(өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**<br>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету. **(мәдени-гигиеналық  дағдылар)**. | | | | |
| **Бесін ас** | Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа  толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | ертегі кейіпкерлері құстарды бейнелеуге машықтандыру.<br>Еремексазды қолдану дағдыларын пысықтау арқылы аққуды мүсіндеу, желімді пайдалануды жетілдіру **сурет салу, мүсіндеу, жапсыру)** | Құстардың күзгі және қысқы тіршілігі туралы түсінік беру. **(қоршаған ортамен танысу)**<br>Құрылыс материалдарынан құстарға ұя жасау. **(құрастыру)** | Ұлттық ойыншықтар туралы білімдерін кеңейту, халық шығармашылығы ның желісі бойынша бейнелер жасау. . (**мүсіндеу)**<br>Құс қанат оюын таныстыру<br>Құс қанат оюын жабыстыру **(жапсыру). Бір тұтас тәрбие** | Геометриялық пішіндерден ою-өрнектерді және жолақтағы өсімдік өрнектерін халықтық өнер түрлері бойынша бірізділігін ескере отырып құрастыру дағдыларын қалыптастыру. Қарлығаш оюын жапсыру**(жапсыру)Бір тұтас тәрбие**<br>Балалардың қалауы бойынша құстарға ұяның суретін салу немесе ермексаздан жасау<br>**(сурет салу, мүсіндеу)** | геометриялық пішіндерді қиып балапан жапсыру, гуашпен аққуды бояу**(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу)**<br>Құстарға үйшік геометриялық пішіндерден жасау,салыстыру<br>**(математика негіздері)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалармен жеке жұмыс** | Инжумен тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін және зейін қойып тыңдауын жетілдіру. | Сабинамен сөйлеу қарқынын өзгерте білуге үйрету: баяу сөйлеу. -суреттер бойынша таныс шығармаларды тануға, сұрақтарға жауап беруге үйрету | Жангерейді сөздерде дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айта білуін қалыптастыру. | Асенефа мен екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыра білу, бір топтағы заттарды екінші топтағы заттарға беттестіру және тұстастыру тәсілдерін пайдалануды үйрету. | Фатима мен Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру. |
| **Серуенге дайындық** | Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға, қол орамалды пайдалануға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. **(сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)**. | | | | |
| **Серуен** | Доппен ойындар. Қимылды ойын: «Шарды ұста»<br><br>Дене шынықтыру, Құрастыру | Менің ойыншықтарым Балаларды ойыншықтың түрлерін таниды, ойыншықты әдемі жинауды біледі. Дене шынықтыру, Құрастыру | «Менің үйім қайда?» Мақсаты: Балалар су мекендеушілері туралы біледі, оларды сөзбен айтып жеткізе алады. *Сөйлеуді дамыту,көркем әдебиет* | «Дайын бол» Мақсаты: Балалар шеңбермен жүре алады. Берілген сөзді іс-қимылмен көрсете біледі. Мысалы: қоян – секіреді, құс – ұшады т.с.с *Сөйлеуді дамыту,Көркем әдебиет* | *Қимылды ойын* «Тәй-тәй» Пирамидалармен ойын Дене шынықтыру, Құрастыру |
| **Серуеннен оралу** | Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау **(көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).** | | | | |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жылы киінуі туралы кеңес беру. | Құстар туралы не білетіндерін сұрауды ұсыну. | Қарлығаш әнін бірге орындауға кеңес беру. | Тауықтар мен балапандар ойынын үйде ойнауға ұсыну | Апта бойы не үйренгенін сұрау, әңгімелесу. |

**Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы:** «Балдаурен» шағын орталығы
**Топ:** аралас (ортаңғы және ересек ) топ
**Балалардың жасы:** 3 - 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 14.10. - 18.10.2024 ж.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсенбі 14.10.2024ж** | **Сейсенбі 15.10.2024ж** | **Сәрсенбі 16.10.2024ж** | **Бейсенбі 17.10.2024ж** | **Жұма 18.10.2024ж** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды қоңыраумен қарсы алу. Сылдырлатып қоңырауын соғып кіріп,келесі балаға береді | Сиқырлы сөздермен қарсы алу (көйлегің қандай әдемі т.б) | Достық эстафетасы арқылы қарсы алу | Көңілді күн әнімен қарсы алу | Қонаққа келген қуыршақпен қарсы алу |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Баланың бақшаға бейімделуі жайлы әңгіме | Баланың денсаулығы жайлы әңгіме | Баланың басқа балалармен қарым –қатынасы жайлы әңгіме | Топтық іс-шаралар мен мерекелер жайлы әңгіме | Баланың көңіл күйі туралы әңгімелсу |
| **Балалардың дербес әрекеті(баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | түрлі-түсті біркелкі дөңгелектер жасап,жіпке тізіп моншақ құрастыру. Желіммен, қайшымен жұмыс жасау кезінде қауіпсіздік ережелерін түсіндіру. **бір тұтас тәрбие** | Балабақшадағы қауіпсіздік жайлы видеоролик көрсету, **қауіпсіздік әрекеті** | Күз табиғатын тауып көрсету. Ерекшеліктерін айтқызып пысықтау. **Қоршаған ортамен танысу,экологиялық мәдениет** | Бүгін көрген мультфилімі жайында әңгімелесу. Сюжеттерін сомдап ойнату (сөйлеуді дамыту) **Коммуникатвитік дағдылар** | Қ/о «Үрпек төбет». Таңғы табиғатты тамашалау. **Әлеуметтік дағдылар** |
| **Таңертеңгі жаттығу** | **Қазан айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені ( (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті).Әнұран орындау** | | | | |
| **Таңғы ас** | Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. **Ө**з орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемеу. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету **(мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті)** Суды, тамақты, энергияны үнемді тұтыну» - табиғи ресурстарға ұқыпты қарауды қалыптастыру **Бір тұтас тәрбие** | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке** | Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді | Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы | Қазақ халқының ұлттық ыдыс-аяқтарымен, | Өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды | Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **дайындық** | келер және өткен шақта қолдану. **Сөйлеуді дамтыу** | өсімдіктерді және жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру **Мүсіндеу** | тұрмыстық заттарымен таныстыру. Ұнаған дайын заттардың пішіндерін қазақ оюларының қарапайым элементтерімен безендіру. Заттардың пішіні мен олардың түсі туралы білімді бекіту. **Жапсыру** | салыстыру, заттарды салыстыруда шаманың берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру **Математика негіздері** | көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну **музыка** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастыры лған іс-әрекет** | 3 жас ортаңғы топ | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, допты екі қолымен көкірек тұсынан кері, екі қолмен жоғары, бастан асыра, жоғарыға, еденге (жерге) қарай төмен лақтыру. | **Музыка**<br>Бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;<br>әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау; | **Дене шынықтыру**<br>Тура бағытта 4–6 метр арақашықтықта, "жыланша еңбектеу, арасы алшақтанған заттар арасымен, еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру, еңгіс тақта бойымен (20-30 см) жүру дағдыларын қалыптастыру; | **Қазақ тілі**<br>Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру. | **Дене шынықтыру**<br>Сапқа бір-бірден тұру. шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру (тәрбиешінің көмегімен, бағдар бойынша). |
| | **4 жас ересек тобы** | | | | |
| | **Дене шынықтыру**<br>Қолды алға, екі жаққа, жоғары көтеріп тұрған қалыпта алға еңкейіп қолдарын арқасына апару; саусақтарын бүгіп, қолдарын айналдыра қимылдауды орындау. Екі қол белде, кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жайып жіберу. Екі қол белде | **Муызка**<br>музыканың кіріспесін ажырату, содан кейін қимылды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыруды меңгерту | **Дене шынықтыру**<br>Отырған және тізерлеп тұрған күйі допты өз айналасында домалату. | **Музыка**<br>Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).<br><br>**Қазақ тілі**<br>Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің, жануарлардың, құстардың, табиғат құбылыстарының, | **Дене шынықтыру**<br>Екі қол белде, екі қолды алдыңғы жақ пен екі тұсқа көтеріп, қатарынан (4–5 рет) жүрелеп отыру; Отырып аяқтың ұшын созу, табанды бүгу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | оңға, солға иілу, еңкею, шалқаю; алға еңкею, қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу. | | | тұрмыстық заттардың атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру. | |
| | **3 жас ортаңғы топ** | | | | |
